



«Жоғары инновациялық халықаралық қатынастар колледжі»

Бекітемін

«ВИКМО» директоры

Сарекенова С.К.

« 4 » 05 2022г.

ТОП БАСШЫСЫ ТУРАЛЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 1.1. Оқу тобының топ басшысы студенттік өзін-өзі басқарудың атқарушы өкілі болып табылады.
- 1.2. Топ басшысы оқу жылының басында топтағы беделге ие үздік студенттердің арасынан сайланады.
- 1.3. Оқу тобының топ басшысы Старосталар кеңесінің мүшесі болып табылады.
- 1.4. Оқу тобының старостасы куратордың, бөлім меңгерушілерінің және Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының жетекшілігімен жұмыс істейді.
- 1.5. Оқу тобының топ басшысы өз жұмысында осы Ережені, Ішкі тәртіп ережелерін, колледж Жарғысын, колледж директорының бұйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады және өз жұмысын колледж жоспарына сүйене отырып құрады.
- 1.6. Студенттер арасында колледж меншігіне деген ұқыпты көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету, өз-өзіне қызмет көрсетуді дамыту, саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу топ басшысы жұмысындағы басты міндет.
- 1.7. Топ басшысы топтың академиялық оқу жұмысына жауап береді.

2. ТОП БАСШЫСЫ МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Топ басшысы топ белсенділерімен және куратормен бірлесе отырып, топтағы жұмысты студенттің білім сапасын арттыруға, тәртіпті нығайтуға, студенттер контингентін сақтауға бағыттайды.
Осы мақсатта топ басшысы келесі жұмыстарды жүзеге асырады:
 - сабаққа қатысудың күнделікті есебін ұйымдастырады;
 - кураторға студенттермен жеке жұмыс жүргізуге көмектеседі.
- 2.2. Колледждегі топтың кезекшілік кестесінің сақталуын және оқу ғимаратындағы кезекші топтың өз міндеттерін орындауын бақылайды.
- 2.3. Кураторға топтағы бұқаралық және басқа да шараларды өткізуге көмектеседі.
- 2.4. Куратормен бірге топ активінің жұмысын басқарады.
- 2.5. Топ басшысы топ мүлкімен бірге сыныптың санитарлық-гигиеналық жағдайын және мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.
- 2.6. Оқу бөлімінен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарынан келетін ақпаратты топ студенттерінің назарына жедел жеткізеді.
- 2.7. Колледждің өзін-өзі басқару органдарының жұмысында белсенділік танытады.

3. ТОП БАСШЫСЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1 Колледждің өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға және олардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

3.2 Оқу және қоғамдық жұмыста ерекше көзге түскен топ студенттерін жоғарылату бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

3.3 Оқу бөлімі мен колледж әкімшілігіне түрлі сұрақтармен жүгінуге құқылы.

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары:

Макашева А.М.